



2022 ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі туралы	3
Компания туралы	4
Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің даму тарихы	5
2022 жылдың негізгі оқиғалары	6
Директорлар кеңесі Төрайымының үндеуі	7
МӘСҚ Бас директорының үндеуі	8
2022 жылдың басты көрсеткіштері	10
Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамту	11
Әлеуметтік аударымдар	13
Әлеуметтік төлемдер	15
Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем	16
Асыраушысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем	18
Жұмысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем	20
Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайларына арналған әлеуметтік төлем	22
Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем	24
Мемлекеттік қызметтер көрсету	27
Цифрлық шешімдерді дамыту	28
Қаржылық көрсеткіштер	29
Инвестициялық қызмет	30
Корпоративтік басқару жүйесі және оның принциптері	31
Комплаенс бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	35
Кадрлық құрамы және адами капиталды дамыту	37
Мемлекеттік сатып алулар тәжірибесі	39
Қаржылық тұрақтылықты бағалау	40
Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары	41
Халықаралық ынтымақтастық	42
Талап-арыз жұмысы	43

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі туралы



Қазақстанда базалық, міндетті және ерікті деңгейде мемлекеттің, жұмыс берушінің және жұмыскердің арасындағы жауапкершілікті бөлуді көздейтін әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің көп деңгейлі моделі жұмыс істейді.

Әлеуметтік қамсыздандырудың жаңа стандарттарына көшу **2005 жылғы 1 қаңтардан бастап** Қазақстан Республикасында әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде **жұмыс істейтін азаматтарды** әлеуметтік қорғаудың қосымша деңгейі ретінде **міндетті әлеуметтік сақтандыруды енгізуді** айқындады.

Қазақстандағы міндетті әлеуметтік сақтандыру қолданыстағы халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру стандарттарына сәйкес келеді. «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ (бұдан әрі - МӘСҚ) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің операторы болып табылады.

Міндетті әлеуметтік сақтандырудың негізгі қағидаттары:

- әлеуметтік төлемдерді қамтамасыз ету үшін қолданылатын шараларға мемлекеттің кепілдік беруі;
- әлеуметтік аударымдарды төлеудің міндеттілігі
- МӘСҚ активтерді мақсатты пайдалануы
- әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде жүйеге қатысушыларға әлеуметтік төлемдердің міндеттілігі
- әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін саралау
- МӘСҚ қызметінің жариялылығы болып табылады.

Мемлекет азаматтарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шарттарда әлеуметтік тәуекел жағдайлары туындаған кезде әлеуметтік төлемдерді алу құқығына кепілдік береді.

Мыналар міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатады:

- 1) жұмыскерлер, сондай-ақ ақы төленетін өзге жұмысы бар адамдар
- 2) дара кәсіпкерлер, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалықтарының басшылары
- 3) жеке практикамен айналысатын адамдар
- 4) бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар
- 5) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және Қазақстан Республикасының аумағында кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ қандастар.

Зейнеткерлік жасқа жеткен адамдар міндетті әлеуметтік сақтандыруға жаппайды.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі шектеулі ынтымақтастық қағидатына негізделген. Бұл қағидаттың мәні МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдарды төлеу жұмыс істейтін азаматтар үшін жүргізілетіндігінен көрінеді. Бұл ретте, МӘСҚ-ға олар үшін әлеуметтік аударымдар түскен немесе асыраушысынан айырылған жағдайда олардың отбасы мүшелері ғана **әлеуметтік тәуекел жағдайы орын алғанда** әлеуметтік төлемдерді алушылар болып табылады.

Компания туралы

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры құрылтайшысы мен жалғыз акционері мемлекет болып табылатын, акционерлік қоғам нысанындағы коммерциялық емес ұйым.

МӘСҚ 2004 жылы «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен құрылды.

МӘСҚ-ның жоғарғы органы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі – ЕХӘҚМ) жалғыз акционері болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен және МӘСҚ Жарғысымен жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, МӘСҚ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын **Директорлар кеңесі** МӘСҚ-ның басқару органы болып табылады.

МӘСҚ-ның ағымдағы қызметіне басшылықты жеке-дара жүзеге асыратын атқарушы орган МӘСҚ-ның Бас директоры болып табылады.

МӘСҚ миссиясы: әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде жұмыс істейтін азаматтардың мүдделерін қорғау.

МӘСҚ пайымы: қаржылық тұрақтылыққа ие, әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде әлеуметтік төлемдерді уақтылы және сапалы қамтамасыз ететін институт.

МӘСҚ қызметінің негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасында міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізу, әлеуметтік аударымдардың сақталуын және нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз ету болып табылады.

МӘСҚ негізгі функциялары:

- 1) әлеуметтік аударымдарды жинақтау
- 2) әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру
- 3) әлеуметтік аударымдар мен өсімпұлдардың артық немесе қате төленген сомаларын қайтару
- 4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы активтерді қаржы құралдарына орналастыру жолымен инвестициялық қызмет
- 5) Міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

МӘСҚ-дан мынадай жағдайлар бойынша әлеуметтік төлемдер төленеді:

- еңбекке қабілеттіліктен айырылу
- асыраушысынан айырылу
- жұмысынан айырылу
- жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айырылу
- жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу
- бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайларына.

МӘСҚ комиссиялық сыйақысының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Бұл ретте, Еңбекмині жыл сайын МӘСҚ **комиссиялық сыйақысының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасын** белгілейді, бірақ жылына екі реттен артық емес.



Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің даму тарихы

2003 • «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды

2005 • МӘСҚ құрылды
• Табыстың 3% мөлшерінде әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі белгіленді
• Үш әлеуметтік тәуекел бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру енгізілді:
- еңбекке қабілеттіліктен айырылу
- асыраушысынан айырылу
- жұмысынан айырылу жағдайларына

2008 • Міндетті әлеуметтік сақтандырудың екі түрі енгізілді:
- жүктілікке және босануға/жаңа туған баланы асырап алуға байланысты
- бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне
• Әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі табыстың 5% дейін көтерілді
• МӘСҚ ISO 9001:2000 сертификатын алды

2009 • МӘСҚ Халықаралық зейнеттік және әлеуметтік қорлар қауымдастығына (ХЗӘҚК) қосылды

2012 • МӘСҚ Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығына (ХӘҚК) кірді

2013 • МӘСҚ Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығының «Еуропа елдері арасындағы үздік тәжірибе - 2013» байқауында «Ақпараттық-талдау жүйесі үшін» құрмет грамотасымен марапатталды

2016 • Барлық өңірлерде, оның ішінде Астана, Алматы, Шымкент қалаларында МӘСҚ-ның 17 филиалы құрылды
• МӘСҚ филиалдарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау функциясы берілді.

2018 • Әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі табыстың 5%-нан 3,5%-на дейін төмендетілді

2019 • Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығының «Еуропа елдері арасындағы үздік тәжірибе – 2019» байқауында МӘСҚ
- «Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің ұзақ мерзімді имитациялық моделі» құрмет грамотасымен
- «Балаларға күтім көрсету моделі» аттестатымен марапатталды

2020 • Жаңа редакциядағы «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілді
• Ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемдер мөлшерінің міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне тәуелділігі күшейтілді

2022 жылдың негізгі оқиғалары



2023 жылғы 1 қаңтардан бастап МӘСҚ-дан 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайларына әлеуметтік төлемдер мөлшері **8,5%-ға** арттырылды



2023 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- бала күтімі бойынша әлеуметтік төлем кезеңін **бір жарым жылға** дейін ұзарту
- жұмысынан айырылу бойынша кірісті әлеуметтік төлеммен алмастыру коэффициентін **45%** дейін арттыруды көздейтін нормалар дайындалды



Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы **Әлеуметтік кодексінің жобасы** шеңберінде міндетті әлеуметтік сақтандыру бөлігінде қолданыстағы және жаңа нормалар пысықталды



ХЗӘҚҚ, ХӘҚҚ әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша халықаралық іс-шараларға, конференцияларға қатысты МӘСҚ өкілдері ХӘҚҚ техникалық комиссияларының құрамына кірді



Отбасының цифрлық картасын енгізу және оның жұмысын қамтамасыз етуге Мемлекеттік қызметтерді проактивті көрсету алгоритмін әзірлеуге қатысты



2022 жылдың 1 шілдесінен бастап Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарында **үш жаңа филиал құрылды**

Барлық өңірлерде жүйеге қатысушылар санының төмендеуіне жол бермеу жөніндегі жергілікті атқару органдарымен **өзара іс-қимыл алгоритмі** бойынша жұмыс жандандырылды



Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің отырысында ҚР Ұлттық Банкімен МӘСҚ активтерін сенімгерлік басқарудың негізгі бағыттарын көздейтін МӘСҚ **Инвестициялық декларациясы** мақұлданды



МӘСҚ ішкі құжаттары өзектілендірілді және бекітілді: Жарғы; Есеп саясаты, Салықтық есеп саясаты, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, МӘСҚ қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық, МӘСҚ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу саясаты, МӘСҚ қызметкерлерінің мінез-құлық және Әдеп кодексі



Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Н.Е. Сағындықованың үндеуі



Құрметті азаматтар!

2005 жылдан бастап міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізу әлеуметтік қамсыздандыруды дамытудың маңызды кезеңі болды. Оны енгізу нәтижесінде, жұмыс берушілер олар үшін әлеуметтік аударымдар төлеген жұмыскерлерге әлеуметтік тәуекелдер туындаған жағдайда төлем тағайындалатын болады.

Алғашқы кезеңде МӘСҚ-дан төлемдер үш әлеуметтік тәуекел бойынша жүзеге асырылды: еңбекке қабілеттіліктен айырылу, асыраушысынан айырылу, жұмысынан айырылу жағдайларына. Ал 2008 жылдан бастап ана мен бала қолдау мақсатында тағы екі әлеуметтік төлем енгізілді.

МӘСҚ қызметінің 18 жылында алушылар мен әлеуметтік төлемдер сомасының өсуі байқалды. Егер 2008 жылмен салыстырсақ, әлеуметтік төлемдерді алушылар саны **3,6 есеге** өсіп **1,2 млн. адамға жетті** (2008 ж. - 322 мың адам, 2022 ж. – 1 163 мың адам). Аталған кезеңге төлемдер сомасы **15 есеге өсті** (2008 ж. – 30 млрд. теңге, 2022 ж. – 441 млрд. теңге). Жүйенің жетілуіне байланысты бұл көрсеткіштің өсуі одан әрі жалғасуда.

2022 жылы мемлекет Басшысының әлеуметтік саясаттың жаңа парадигмаларын қалыптастыру қажеттілігі жөніндегі тапсырмасына сәйкес, **Әлеуметтік кодекс** тұжырымдамасы мен жобасын әзірлеу бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. МӘСҚ-ның тікелей қатысуымен міндетті әлеуметтік сақтандыру бойынша нормалар пысықталды.

Сонымен қатар, МӘСҚ басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп мемлекет Басшысының **микро-және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің** жұмыскерлері үшін бірыңғай төлемді енгізу жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыру жөніндегі шаралар пысықталды.

2022 жылдың қыркүйегінен бастап Отбасының цифрлық картасын енгізу арқылы отбасылардың әл ауқат деңгейі мен мемлекеттік қолдау шараларын анықтау бойынша маңызды жұмыс басталды. Шын мәнінде, **Отбасының цифрлық картасы** - бұл азаматтардың әлеуметтік мәртебесіне қарай кепілдендірілген мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алу құқығы туралы күнделікті «электрондық хабарлама». Осылайша, мемлекеттік қызмет көрсетудің **өтініш беру форматынан анықтау форматына** ауысуына негіз қаланды.

Қазіргі уақытта Отбасының цифрлық картасы шеңберінде аса сұранысқа ие қызмет **бұл жұмысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлем** тағайындау болып табылады. Сонымен қатар, МӘСҚ зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру тәсілдерін, жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру параметрлерін, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық жүйелерін жетілдіруге белсене қатысады.

Халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында 2023 жылдан бастап жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем үшін кірісті ауыстыру коэффициентін **40%-дан 45%-ға** арттыру бойынша шаралар қабылданды. Ана мен баланы әлеуметтік қолдау деңгейін арттыру мақсатында 2022 жылғы желтоқсан айында **бала 1 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау** кезеңін **1,5 жасқа дейін** автоматты түрде арттыру жүргізілді.

Директорлар кеңесі өз кезегінде МӘСҚ басқаруды және қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуді жалғастырады.

Директорлар кеңесі атынан міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің барлық субъектілеріне және МӘСҚ жұмыскерлеріне еліміздегі жұмыспен қамтылған азаматтардың игілігі үшін атқарып жатқан еңбектеріңізге алғысымды білдіремін.



МӘСҚ Бас директоры Н.М. Кемелдің үндеуі

Құрметті азаматтар!

Сіздерге МӘСҚ қаржылық және операциялық қызметінің негізгі нәтижелері туралы, сондай-ақ міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің көрсеткіштері туралы өзекті ақпаратты қамтитын МӘСҚ-ның 2022 жылғы есебін ұсынып отырмыз.

18 жыл бойы МӘСҚ жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша деңгейін қамтамасыз етіп келеді.

2022 жылы МӘСҚ-на 6,8 млн. азамат үшін өсімпұлды ескере отырып, 432 млрд. теңгеден аса сомаға әлеуметтік аударымдар түсті. Инвестициялық табыс 130,5 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, әлеуметтік тәуекелдің 6 түрі бойынша шамамен 1,2 млн. адам 441 млрд. теңге сомаға әлеуметтік төлемдер алды, оның ішінде 2022 жылы 700 мыңға жуық адамға төлемдер қайта тағайындалды.

Әлеуметтік төлемдерді күнделікті қаржыландыру, МӘСҚ филиалдарының әлеуметтік төлемдерді тағайындауда мемлекеттік қызметтерді уақтылы көрсетуін бақылау және мониторингілеу, заңнамада белгіленген мерзімде әлеуметтік аударымдардың қате төленген сомаларының қайтарылуын жүргізу, әлеуметтік аударымдарды төлеушілермен жұмыс, әлеуметтік аударымдардың күнделікті түсімдері мен әлеуметтік төлемдерді тағайындаудың операциялық есебін жүргізу, материалдық-техникалық жарактандыру, бухгалтерлік есепті жүргізу, шығындарды жоспарлау және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру, ақпараттық-техникалық және заңдық сүйемелдеу, актуарлық есептеулер және инвестициялық талдау, халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл бойынша жұмыс, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді үйлестіру, статистика мен есептілікті жүргізу орталық деңгейде қамтамасыз етіледі.

Әлеуметтік төлемдердің мөлшері әлеуметтік аударымдардың уақтылы және толық түсуіне тікелей байланысты болады. Сондықтан МӘСҚ әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамтуды кеңейту, әлеуметтік аударымдарды уақтылы төлеу және әлеуметтік төлемдерді түзету жөнінде халық арасында белсенді жұмыс жүргізуде. Жыл ішінде 87 мың қызметкер үшін қате төленген әлеуметтік аударымдарды қайтаруға 60 мыңнан аса өтінімдер өңделді.

2022 жылы МӘСҚ Әлеуметтік Кодекстің тұжырымдамасы мен жобасын, сондай-ақ 2022 жылдың қыркүйегіндегі мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауындағы тапсырмаларын іске асыру аясында заңнамалық нормаларды әзірлеуге белсене қатысты. Сонымен қатар, МӘСҚ заң қызметінің күшімен артық алынған 91 млн. теңге төлем өтелді.

МӘСҚ азаматтарды жүйемен қамту мен мемлекеттік қызметтерді уақтылы көрсету ғана емес, сонымен қатар электрондық қызметтерді дамыту міндетін де қойып отыр. Соңғы уақытта, әлеуметтік саладағы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бизнес-процестерінің жылдам қарқынмен ілгерілеуі байқалады. Егер бұрын адам кем дегенде 7-8 құжат жинап, оларды көшіріп, кезектерде тұруы керек болса, қазір мұның бәрі мүмкіндігінше автоматтандырылып және оңтайландырылған. Іс жүзінде барлық қажетті мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен сұратылады.

МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін дәстүрлі түрде Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы да, үйден шықпай-ақ электронды түрде де жүгінуге болады. 2022 жылы электрондық түрде көрсетілген мемлекеттік қызметтердің үлесі 51% - ды құрады, 2021 жылмен салыстырғанда өсім 1,3-есеге артық. Болашақта біз бұл көрсеткішті мүмкіндігінше арттыру және проактивті форматта қызмет көрсетуді дамыту мақсатын қойып отырмыз.

2022 жылғы тағы бір маңызды оқиға Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің төрағалығымен өткен Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің отырысында МӘСҚ Инвестициялық декларациясының мақұлдануы болды.

Операциялық қызметке келетін болсақ, МӘСҚ филиалдары әлеуметтік төлемдерді тағайындау, жүйеге қатысушыға әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат беру бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетеді. Күн сайын филиалдың әр жұмыскері әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін 70-тен 90-ға дейін электрондық іс макеттерін қарайды. 2022 жылғы 1 шілдеден бастап орталық аппараттың штат бірліктерін қайта бөлу есебінен жаңа облыстарда 3 филиал құрылды. Заңнамада белгіленген мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бұзу фактілері тіркелген жоқ.

2022 жылы МӘСҚ филиалдары 133 мыңға жуық алушыға еңбекке қабілеттіліктен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайларына арналған ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемдердің мөлшерін екі рет автоматты түрде арттырды, сондай-ақ жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемге бір реттік арттыру жүргізілді және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап төлемдері жүзеге асырылған 300 мыңнан аса алушыға бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемді алу кезеңі жарты жылға ұзартылды.

2022 жылы өтініш берушілерге әлеуметтік төлемдерді тағайындау мәселелері бойынша 23 мыңға жуық тыңдау өткізілді, 35 мыңнан аса телефон арқылы кеңес берілді, 1,5 мыңға жуық азаматтардың өтініштері қаралды. Әлеуметтік желілердегі жұмыстар жандандырылды.

Сонымен қатар, МӘСҚ әлеуметтік институт бола отырып, қоғамның дамуына өз үлесін қосады және мұқтаж азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетеді. МӘСҚ ұжымы балалар үйіндегі балаларға, қарттар үйіндегі қарт адамдарға назар аударады, жұмыскерлер донорлық көмек көрсетеді, сенбіліктерге белсенді қатысады. Корпоративтік дамуға және адами капиталды дамытуға ерекше көңіл аударылады. Жыл бойы «Игі істер» марафоны, атаулы күндерге арналған түрлі конкурстар, жұмыскерлердің біліктілігін арттыру курстары және т.б. өткізілді.

МӘСҚ міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін дамыту жұмысын жалғастыруда.


Сіздерге амандық пен жақсылық тілеймін!




2022 жылдың басты көрсеткіштері

МӘСҚ 2022 жылға арналған даму жоспарының негізгі көрсеткіштерін орындау

1. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамтылған жұмыс істейтін халықтың үлесі, %




2. Жүйе мәселелері бойынша өңірлерде АТЖ бойынша өткізілген іс-шаралардың үлесі, %




3. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау бойынша мемлекеттік қызметті уақтылы көрсетудің үлес салмағы, %



4. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға әлеуметтік аударымдардың жай-күйі және қозғалысы туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызметін уақтылы көрсетудің үлес салмағы, %



5. Электрондық нысанда әлеуметтік төлемдер тағайындау бойынша көрсетілген мемлекеттік қызметтердің үлесі, %



2021 жылғы факт

2022 жылғы жоспар

2022 жылғы факт

Даму жоспарының мақсаттарына, міндеттеріне және негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін:


- МӘСҚ бас директорының 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 8-ө бұйрығымен «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ-ның 2022 жылға арналған операциялық жоспар бекітілді
- қызметтің негізгі көрсеткіштері бойынша қалыптастыру және бағалау жүйесі құрылды, оның ішінде:
 - МӘСҚ қызметін бағалау (корпоративтік)
 - МӘСҚ басшы қызметкерлері үшін негізгі көрсеткіштер бойынша нәтижелерді бағалау.

Бағалау нәтижелері белгіленген тәртіппен МӘСҚ Директорлар кеңесінің қарауына кейіннен бекіту үшін енгізіледі. Басшы қызметкерлердің қызметін бағалау есепті жыл аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады, МӘСҚ жұмыскерлері бойынша тоқсан сайын жүзеге асырылады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамту



Жұмыспен қамтылған халықты міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамту динамикасы



Қатысушылар саны **6 753 338**



3 403 261



3 350 077

Орташа жасы **40 жас**

Жүйедегі орташа еңбек өтілі **97 ай**

Орташа табысы **168 970 теңге**


Жылына жарналардың орташа жиілігі **9 ай**

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша:

- жұмыспен қамтылған халықтың орташа саны 8 966,9 мың адамды құрады (*ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес*)
- соңғы 12 күнтізбелік айда МӘСҚ-ға кемінде 1 рет әлеуметтік аударымдар түскен жүйеге қатысушылардың саны 6 753,3 мың адамды құрады, бұл 2021 жылдың көрсеткішінен 2,6% - ға артты
- міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамтылған жұмыспен қамтылған халықтың үлесі 2022 жылдың қорытындысы бойынша **75,3%** құрады. МӘСҚ жүйеге қамтуды кеңейту мақсатында мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп келесі жұмыстар атқарылды:
 - салықты және міндетті жарналарды бір төлеммен төлейтін арнайы салық режимін қолданатын микро және шағын бизнес субъектілеріне 2023 жылдан бастап бірыңғай төлемді енгізу мәселесі пысықталды
 - Әлеуметтік кодекс жобасы шеңберінде 2023 жылғы 1 шілдеден бастап бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қызметтер көрсететін жеке көмекшілер мен 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша жұмыс істейтін жеке адамдарды міндетті әлеуметтік сақтандырумен қамтуды кеңейту көзделуде
 - еңбек ұжымдары мен тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары күшейтілді
 - жастарға жұмыспен қамту және жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету саласындағы басқа да қолдау шаралары туралы ақпараты бар СМС-хабарламалар жіберіледі


Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамту

Өңірлер бөлінісінде халықты міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамту, %



Алматы және Астана қалалары бойынша қамтудың жоғары көрсеткіші Астана және Алматы қалаларында жұмыс істейтін басқа өңірлердің тұрғындарының жұмыс орны бойынша әлеуметтік аударымдарды төлеуімен байланысты.

Жүйеге қатысушылардың кірістер бөлінісіндегі градациясы (мың адам)




2,5 млн. қатысушы үшін әлеуметтік аударымдар 120 мың теңге табыстан түскен.

МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар




Әлеуметтік аударымдар мен өсімпұлдар түсімдерінің динамикасы, млрд. теңге



2022 жылы әлеуметтік аударымдар мен өсімпұлдардың түсімдері 432 млрд. теңгені құрады, 2021 жылмен салыстырғанда 34% артты.

Әлеуметтік аударымдардың артық (қате) төленген сомаларын қайтару


Қайтару динамикасы



2022 жылы:
- жүйенің 87,2 мың қатысушысы үшін қайтаруға 60 мыңнан астам өтініштер келіп түсті, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 15%-ға артық.

- қайтарудың жалпы сомасы 576,8 млн. теңгені құрады, бұл 2021 жылғы сомадан 40% - ға артық.

Әлеуметтік аударымдар мен өсімпұлдарды қайтарудың негізгі себептері



- әлеуметтік аударымдар мен өсімпұлдар болып табылмайтын қаражат қате аударылған
- екі және одан да көп рет қате аударылған төлемдер
- MT-102 төлем тапсырмасы форматында төлем кезеңінде қателер жіберілген
- төлем белгілеу коды дұрыс көрсетілмеген
- өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлға ретінде тіркелмеген жеке тұлға аударған
- басқа

Қайтару процесін оңтайландыру үшін МӘСҚ мынадай жұмыстарды жүргізуде:

- ҚР ЕХӘҚМ ақпараттық жүйесінде бірыңғай модуль арқылы қайтаруды жүзеге асыру тетігі пысықталуда

- МӘСҚ филиалдары қате төлемдерді төлеушілермен түсіндіру сипатындағы 440 іс-шара өткізді.

МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар

Әлеуметтік аударымдар мен өсімпұлдар бойынша берешек

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпаратына сәйкес, 56 мың төлеушінің әлеуметтік аударымдар мен өсімпұлдар бойынша берешегі жалпы сомасы 1 279 млн. теңгені құрайтын.

Төлеушілер саны 2022 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткішпен салыстырғанда 3,9%-ға өсті, берешек сомасы 0,1%-ға азайды.

Жүйеге қатысушылар санының 50% және одан да көп төмендеуіне мониторинг жүргізу

2022 жылы орташа есеппен штаттық саны 50 және одан да көп адамнан тұратын 13,4 мың төлеуші ай сайын әлеуметтік аударымдарды төлеп отырды, оның ішінде:

- жүйеге қатысушылар санының төмендеуімен 48,5% (орта есеппен 6,5 мың)
- жүйеге қатысушылар санының 50% және одан да көп төмендеуімен 5% (ай сайын 600 төлеушіден көп).

Қатысушылар санының 50% немесе одан да көп төмендеуінің негізгі себептері:

- әлеуметтік аударымдарды есепті айдан кейінгі айдың 25-күнінен кейін төлеу (53,5%)
- қаржылық қиындықтар және уақтылы қаржыландырмау (17,5%)
- жұмыс көлемін азайту және шарттық негізде қоғамдық/маусымдық жұмыстарға жұмыскерлерді уақытша тарту (10,1%)
- әлеуметтік аударымдарды төлеу кезіндегі қателіктер (4,2%) және басқалар (14,7%).

Әлеуметтік аударымдар бойынша берешек сомаларын қысқарту және халықты әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамтуды кеңейту жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өңірлердегі әкімдіктерімен бірлесіп 2022 жылғы мамырда **өңірлерде жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылар санының төмендеуіне және әлеуметтік шиеленістің туындауына жол бермеу жөніндегі орталық және жергілікті деңгейдегі субъектілердің өзара іс-қимыл алгоритмін** бекітті.

Осы алгоритм шеңберінде әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің себептерін анықтау және алдын алу бойынша жұмыс жүргізу мақсатында, өңірлер бөлінісінде МӘСЖ қатысушылар санын 50% және одан да көп төмендетуге жол берген төлеушілер туралы мәліметтер ай сайын еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органдарға, өңірлердің әкімдіктеріне, МӘСҚ филиалдарына жолданады.

МӘСҚ филиалдары еңбек инспекцияларымен, аудандық және қалалық әкімдіктермен және «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ бірлесіп, әлеуметтік аударымдарды уақтылы төлеудің маңыздылығы туралы кәсіпорын басшыларымен ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын жүргізеді.

Еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органдар ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер департаментінің аумақтық бөлімшелерінің өкілдерін тарта отырып, өңірдегі әкім орынбасарының қатысуымен кеңестерде, әлеуметтік серіктестік жөніндегі өңірлік үшжақты комиссиялардың немесе жедел штабтардың отырыстарында кәсіпорындар басшыларын тыңдауды ұйымдастырады.


2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жүйе қолданысқа енгізілген күннен бастап МӘСҚ-дан жүзеге асырылған әлеуметтік төлемдер сомасы **2 822 млрд.** теңгені құрады.

Әлеуметтік төлемдерді алушылардың саны соңғы 5 жылда **бір жарым есеге артып**, 2022 жылы шамамен 1 163 мың адамға жеткенін атап өту маңызды.

2022 жылғы әлеуметтік төлемдер сомасы 2021 жылдың көрсеткішінен 30% асып, 441 млрд. теңгені құрады (2021 жылы – 339 млрд. теңге).


2022 жылы еңбекке қабілеттіліктен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайларына арналған ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемдердің мөлшері 133 мыңнан аса алушылар үшін жалпы алғанда **9%-** ға өсті.

Әлеуметтік төлемдердің құрылымы, млрд. теңге



Әлеуметтік төлемдер құрылымындағы негізгі үлесті немесе 84% ана мен баланы қолдауға арналған әлеуметтік төлемдер (370 млрд. теңге) құрайды.

Әлеуметтік төлемдерді алушылар, жаңа тағайындау және сомалары



Республика өңірлері бөлінісінде әлеуметтік төлемдерді алушылардың ең көп үлесі Түркістан облысында (133 мың алушы), ал әлеуметтік төлемдердің сомасы Алматы қаласында байқалды (47,8 млрд. теңге).

Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем




Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға әлеуметтік төлем тағайындауға өтініш жасалған уақытқа қарай жұмысты тоқтатқанына немесе жалғастырып жатқанына қарамастан тағайындалады.

Төлем МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемге құқық туындаған күннен бастап жалпы еңбек ету қабілетінен айырылудың белгіленген бүкіл кезеңіне тағайындалады.

Әлеуметтік төлем мөлшері соңғы 2 жылдағы әлеуметтік аударымдары МӘСҚ-ға төленген орташа айлық табысқа, кірісті ауыстыру коэффициенттеріне, жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесіне және қатысу өтіліне байланысты.

2022 жылы еңбек ету қабілетінен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемнің мөлшері екі рет арттырылды: 1 қаңтардан бастап 5%-ға, 1 сәуірден бастап 4%-ға.


2020-2022 жылдардағы алушылар мен төлем сомасының динамикасы



2005 жылдан бастап жүзеге асырылған төлемдер сомасы 156 млрд. теңгені құрады, ал алушылар саны 75 есеге өсіп, 97,6 мыңнан аса адамға жетті.

Республика өңірлері бөлінісінде еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар орналасқан Қарағанды облысындағы төлем алушылар ең көп үлесті құрайды.

2020-2022 жылдардағы тағайындалған төлемдер саны




Соңғы жылдардағы үрдіс бойынша жаңа тағайындаулар саны тұрақты түрде жылына 14 -15 мыңды құрайды.

Алушылар саны	97 645 адам
Жаңа тағайындаулар саны	15 622 адам
Төлемдердің көлемі	30,5 млрд.теңге
Төлемді тағайындау кезінде есепке алынған орташа айлық табыс	117 963 теңге
Төлемнің орташа мөлшері	37 902 теңге
Алушының орташа жасы	51 жас
Орташа қатысу өтілі	131 ай


Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем




2020-2022 жылдардағы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесі бөлінісінде алушылардың динамикасы




2022 жылғы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесі мен жынысы бойынша алушылардың құрылымы



2022 жылы төлемнің жыныстық-жастық құрылымы



2020-2022 жылдарда тағайындалған төлемдердің орташа мөлшері, теңге



Төлемдердің жартысынан көбі жыл сайын 60%-дан 80%-ға дейін еңбекке қабілеттілігінен айырылған адамдарға тағайындалады сондай-ақ, 2022 жылы еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі 30-60% болатын төлем алушылардың өсуі байқалды.

Төлемді алушылардың жалпы санынан 2022 жылы (97 645 адам) ерлердің үлесі 60% немесе 58 599 адамды, әйелдердің үлесі 40% немесе 39 046 адамды құрады.

Әлеуметтік төлемнің құрылымында жасы бойынша градацияда негізгі үлесті (63,9%) 50 жастан 63 жасқа дейінгі алушылар құрайды.

МӘСҚ-дан төлем бюджеттен тағайындалатын мүгедектігі бойынша мемлекеттік жәрдемақыға қосымша тағайындалады. Бұл ретте алушылардың шамамен 60%-ы МӘСҚ-дан төлемдер алу кезеңінде еңбек қызметін жалғастырады.

Асыраушысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем



МӘСҚ-дан асыраушысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем қайтыс болған асыраушының - міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының асырауында болған мына отбасы мүшелеріне жүзеге асырылады:

- он сегіз жасқа толмаған және егер оларға он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедектік белгіленген болса, осы жастан асқан **балаларына**, оның ішінде асырап алған балаларына, аға-інілеріне, апа-сіңлілеріне (қарындастарына) және немерелеріне

Бұл ретте, аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары) және немерелері, егер олардың еңбекке қабілетті ата-анасы болмаған немесе егер олар ата-анасынан алименттер алмаған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Осы тармақшада көрсетілген, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын немесе білім алған, он сегіз жастан асқан адамдардың оқуды бітіретін уақытқа дейін, бірақ 23-жасқа толғанға дейін әлеуметтік төлемдерді тағайындатуға және алуға құқығы бар.


- егер қайтыс болған (*сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған*) асыраушының үш жасқа толмаған балаларының, аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің (қарындастарының) немесе немерелерінің күтімімен айналысатын болса, жасына және еңбекке қабілеттілігіне қарамастан, **ата-анасының немесе ерлі-зайыптының біреуіне**, не атасына, әжесіне, аға-інісіне немесе апа-сіңлісіне (қарындасына).

Әлеуметтік төлем мөлшері соңғы 2 жылдағы МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар төленген орташа айлық табысқа, кірісті ауыстыру коэффициенттеріне, асырауындағы адамдардың санына және қатысу өтіліне байланысты болады.

Осы санаттың әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, әлеуметтік төлемнің мөлшері жыл сайынғы негізде арттырылып отырады. Есепті кезеңде олар екі рет арттырылды: **1 қаңтардан бастап 5%-ға, 1 сәуірден бастап 4%-ға.**

Алушылар саны	61 442 адам
Жаңа тағайындаулар саны	5 878 адам
Төлемдердің көлемі	21,3 млрд.теңге
Төлемді тағайындау кезінде есепке алынған орташа айлық табыс	124 667 теңге
Төлемнің орташа мөлшері	40 854 теңге
Қатысушының орташа жасы	41 жас
Орташа қатысу өтілі	121 ай

2020-2022 жылдардағы алушылар мен төлем сомасының динамикасы




2005 жылдан бастап міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі қолданысқа енгеннен бері төлемдер сомасы 104 млрд. теңгені құрады, алушылар саны 112 есеге өсті және асыраушысынан айырылған 61,4 мың отбасыға немесе 130 мыңнан аса асырауында қалған отбасы мүшелеріне жетті.

Асыраушысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем




2020-2022 жылдарда тағайындалған төлемдер сомасы




Соңғы үш жылда жылына жаңадан тағайындаулар саны шамамен 6 мыңды құрады.

2020-2022 жылдардағы асырауындағы отбасы мүшелерінің саны бөлінісіндегі алушылардың динамикасы



Негізгі үлесті немесе жартысынан көбін асырауында бір отбасы мүшесі бар алушылар құрайды.

2020-2022 жылдарда тағайындалған төлемдердің орташа мөлшері, теңге



2022 жылы әлеуметтік төлемнің орташа мөлшері 40 854 теңгені құрады. МӘСҚ әлеуметтік төлемі бюджеттен төленетін асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік жәрдемақыға қосымша тағайындалатынын атап өткен жөн.

Жұмысынан айырылу жағдайына

арналған әлеуметтік төлем



Алушылар саны **110 619 адам**

Жаңа тағайындаулар саны **109 923 адам**

Төлемдердің көлемі **19,1 млрд.теңге**

Төлемді тағайындау кезінде есепке алынған орташа айлық табыс **109 563 теңге**

Төлемнің орташа мөлшері **44 896 теңге**

Алушының орташа жасы **40 жас**


Орташа қатысу өтілі **78 ай**

МӘСҚ-дан жұмысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем жұмыстан шығу себептеріне қарамастан міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысына тағайындалады.

Төлемге құқық Халықты жұмыспен қамту орталығында, оның ішінде электрондық үкімет (egov.kz) немесе «электрондық еңбек биржасы» (enbek.kz) порталдары арқылы жұмыссыз ретінде тіркелген күннен бастап туындайды. Төлем міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне байланысты 1 айдан 6 айға дейін тағайындалады.

Әлеуметтік төлемнің мөлшері соңғы 2 жылдағы МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар төленген орташа айлық табысқа, кірісті ауыстыру коэффициенттеріне және қатысу өтіліне байланысты болады.


2020-2022 жылдардағы алушылар мен төлем сомасының динамикасы



2005 жылдан бастап жұмысынан айырылу жағдайына арналған төлемдер 71 млрд. теңге сомасында жүзеге асырылды.

2022 жылы 19,1 млрд. теңге сомасына 110 мыңнан аса адам төлем алды.

2020-2022 жылдарда тағайындалған төлемдердің саны




МӘСҚ және оның филиалдары халық арасында қарқынды түрде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, бұл халықтың ақпараттандырылуын арттыруға және төлемдерді көпшілікке танымал етуге ықпал етеді.

2022 жылы тағайындаулар саны 2021 жылмен салыстырғанда бір жарым есеге жуық өсті.

Жұмысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем




2022 жылы тағайындалған төлемдердің құрылымы қатысу өтілі бөлінісіндегі құрылымы



Әлеуметтік төлемдердің жартысынан көбі (54%) ең ұзақ мерзімге - 6 айға тағайындалды, себебі оларды алушылардың қатысу өтілі 60 ай немесе одан да көп.

Төлемді алушылардың жасы бойынша градациясындағы құрылымы мынадай: 20 жастан 34 жасқа дейін - 37%, 35 жастан 49 жасқа дейін - 43%, 50 жастан 63 жасқа дейін - 20%.

2020-2022 жылдардағы тағайындалған төлемдердің орташа мөлшері, теңге



2022 жылы тағайындалған төлемдердің орташа мөлшері 44 896 теңгені құрады.

2023 жылдан бастап кірісті алмастыру коэффициенті 40%-дан 45%-ға дейін ұлғаяды, бұл әлеуметтік төлем мөлшерінің орта есеппен 13%-ға өсуіне әкеледі.

2022 жылдың соңында 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдайға төлем алушы болып табылатын 25 мың адам үшін жаңа жоғары коэффициентті қолдана отырып, біржолғы қайта есептеу автоматты түрде жүргізілді.


Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайларына арналған әлеуметтік төлем



Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты әлеуметтік төлем жүктілік және босану (жаңа туған баланы (балаларды) асырап алу) бойынша демалыстың барлық күндеріне тағайындалады.

Әлеуметтік төлемнің мөлшері соңғы 12 айда әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық кіріске және еңбекке уақытша жарамсыздық күндерінің санына байланысты болады.


2020-2022 жылдардағы алушылар мен төлем сомасының динамикасы



2008 жылдан бастап әлеуметтік төлем жалпы сомасы 958 млрд. теңгеге 2 200 мың адамға тағайындалған.

2022 жылы 198 млрд. теңге сомаға 250 мыңнан астам адам төлем алды.

2020-2022 жылдары тағайындалған төлем саны, млрд. теңге



Әлеуметтік төлемнің жаңадан тағайындалуы 242 мың адамға жүзеге асырылды, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 36 мыңға артық. Жалпы, әлеуметтік төлемнің жаңадан тағайындалуы жыл сайын артып келеді.

МӘСҚ төлемдерінің жалпы құрылымындағы әлеуметтік төлемнің үлесі **шамамен 45%** құрайды.

Алушылар саны **251 105 адам**

Жаңа тағайындаулар саны **241 569 адам**

Төлемдердің көлемі **197,9 млрд.теңге**

Төлемді тағайындау кезінде есепке алынған орташа айлық табыс **188 492 теңге**

Төлемнің орташа мөлшері **810 523 теңге**

Алушының орташа жасы **30 жас**


Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайларына арналған әлеуметтік төлем



Бір кезең ішінде жүйеге қатысушының пайдасына екі және одан да көп төлеушіден әлеуметтік аударымдар түскен жағдайда:


- әрбір төлеушіден түскен әлеуметтік аударымдар бойынша ай сайынғы кіріс 7 ЕТЖ-дан аспайтын мөлшерде қабылданады
- әлеуметтік аударымдар кейіннен жинақталады.

2021-2022 жылдардағы жұмыс берушілер саны бойынша төлем алушылардың үлесі



2022 жылы әлеуметтік аударымдар 2 немесе одан да көп жұмыс берушілерден түскен әлеуметтік төлем алушылардың саны 2021 жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда 1,3 пайыздық тармаққа өсті

2020-2022 жылдары тағайындалған төлемдердің орташа мөлшері



2022 жылы тағайындалған төлемдердің орташа мөлшері 2021 жылмен салыстырғанда **45%-ға** өсіп, 810 523 теңгені құрады.

Әлеуметтік аударымдар төленетін кірістің ең жоғары мөлшері 7 ЖТМ-ден аспайтын деңгейде белгіленген, егер қызметкердің ай сайынғы кірісі 7 ЖТМ-ден асқан жағдайда, егер бұл ұжымдық немесе еңбек шартында көзделген болса, онда қызметкер декреттік демалысты төлеу айырмасы үшін жұмыс берушіге жүгіне алады.

Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем



Алушылар саны **642 646 адам**

Жаңа тағайындаулар саны **323 286 адам**

Төлемдердің көлемі **171,9 млрд.теңге**

Төлемді тағайындау кезінде есепке алынған орташа айлық табыс **94 737 теңге**

Төлемнің орташа мөлшері **45 997 теңге**

Алушының орташа жасы **30 жас**

Орташа қатысу өтілі **48 ай**


Бала күтімі бойынша әлеуметтік төлем балаға күтімді жүзеге асыратын және МӘСҚ-дан төленетін әлеуметтік төлемдерді алуға құқығы бар міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға тағайындалады. Төлем құқығы баланың туу туралы куәлігінде көрсетілген туған күнінен бастап (сот шешімі/ қамқоршыны тағайындау заңды күшіне енген күннен бастап) туындайды.

2022 жылы төлем бала 1 жасқа толғанға дейін тағайындалды, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап төлем мерзімі **1,5 жасқа** дейін ұзартылды.

Осылайша, 2023 жылғы 1 қаңтарға 300 мың алушыға төлем кезеңі бір жылдан бір жарым жылға дейін автоматты түрде ұзартылды.

Бала күтімін жүйенің бірнеше қатысушылары жүзеге асырған жағдайда, әлеуметтік төлем көрсетілген адамдардың біреуіне ғана тағайындалады.


2020-2022 жылдардағы алушылар мен төлем сомасының динамикасы



2008 жылдан бастап төлем шамамен 3 500 мың адамға жалпы сомасы 1 038 млрд.теңгеге тағайындалған.

2022 жылға МӘСҚ-дан 640 мыңнан астам алушы 171,9 млрд.теңге сомаға төлем алды.

2020-2022 жылдарда тағайындалған төлемдер саны



Жаңа тағайындаулардың ең жоғары көрсеткіші 2021 жылы белгіленген, 2022 жылы төлем 323 мың адамға тағайындалды. Жалпы МӘСҚ-дан төлемдер құрылымында бала күтімі бойынша төлем үлесі **39%** құрады.

Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем




Әлеуметтік төлем мөлшері соңғы 2 жылда әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық табыстың 40% құрайды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес төлемнің ең төменгі мөлшері осыған ұқсас бала күтімі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы деңгейінен кем болмауы тиіс.

Төлем мөлшерін мемлекеттік деңгейге дейін жеткізу мақсатында 2005 жылдан бастап МӘСҚ активтерінен 240 млрд. теңгеден астам төленді.


2022 жылы әлеуметтік төлемнің мөлшері жаңадан тағайындалғандардың 50% (150 мыңнан астам) жуығына жәрдемақы деңгейіне жеткізілді, қосымша төленген сома шамамен 32 млрд. теңгені құрады.

2021-2022 жылдары жұмыс берушілер саны бойынша төлем алушылардың үлесі



2022 жылы әлеуметтік аударымдарды бірнеше жұмыс берушілер төлеген әлеуметтік төлемдер алушылардың үлесі шамамен 50% құрады.

2020-2022 жылдардағы балалардың кезектілігі бөлінісіндегі төлем алушылардың динамикасы, %




Әлеуметтік төлемдер алушылар арасында балалар кезектілігі тең үлестерде бөлінген.

Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем




2020-2022 жылдардағы тағайындалған төлемдердің орташа мөлшері, теңге



2022 жылы тағайындалған төлемнің орташа мөлшері 45 997 теңгені құрады.

2020-2022 жылдардағы гендерлік бөліністегі төлем алушылардың үлесі, %



Есепті кезеңде төлем алушылардың негізгі үлесі 99,4% әйелдер.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес МӘСҚ:

- еңбекке қабілеттіліктен айырылу, асыраушысынан айырылу, жұмысынан айырылу, жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айырылу, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайларына арналған әлеуметтік төлем тағайындау немесе тағайындаудан бастарту бойынша

- міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға әлеуметтік аударымдардың жай-күйі және қозғалысы туралы ақпарат беру

Әлеуметтік тәуекелдер түрлері бөлінісінде әлеуметтік төлемдерді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту бойынша көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы мәліметтер



Мемлекеттік қызметтер көрсетудің негізгі үлесі (45%) бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемді тағайындауға немесе тағайындаудан бас тартуға тиесілі.

2022 жылдың қорытындысымен:

- Әлеуметтік төлемдерді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту бойынша 748,3 мың, оның ішінде әлеуметтік төлемдер тағайындау бойынша 697 мың

- әлеуметтік аударымдардың жай-күйі және қозғалысы туралы ақпарат беру бойынша 720 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Бизнес-процеске сәйкес МӘСҚ құжаттар келіп түскен күннен бастап **төрт жұмыс күні ішінде** оларды қарайды және әлеуметтік төлемдерді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындаудан бас тартылған жағдайда МӘСҚ өтініш берушіні бас тарту себептері туралы хабардар етеді және Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш берушіге ұсынылған құжаттарды қайтарады. Осылайша, МӘСҚ филиалдарының қызметкерлері өтініш берушілермен тікелей байланыста болмайды.

Жалпы алғанда, әлеуметтік төлемдерді тағайындау мерзімі, **сегіз жұмыс күнінен аспайды**, жұмысынан айырылу жағдайына төлемдерді қоспағанда, оның тағайындау мерзімі Мемлекеттік корпорацияда барлық қажетті құжаттармен өтініш тіркелген күннен немесе проактивті қызмет арқылы төлем тағайындауға келісім алған күннен бастап **алты жұмыс күнінен аспайды**.

Өтініш беруші құжаттарын қараудың барлық кезеңдерін қадағалауға мүмкіндік беретін мемлекеттік қызметтер көрсетудің ашықтығы қамтамасыз етілді.

Электрондық іс макеттерін қарау шеңберінде әлеуметтік төлемдерді қайта есептеу, тоқтата тұру, қайта бастау, тоқтату туралы шешімдер қабылдауды ескере отырып, МӘСҚ филиалының қызметкері орта есеппен күніне 90-ға жуық, бір айда 1600-ге жуық электрондық іс макеттерін қарайды.


Цифрлық шешімдерді дамыту

МӘСҚ әлеуметтік төлемдерді тағайындау бойынша мемлекеттік қызметтерді заңнама нормаларына сәйкес «Е-Макет» ААЖ бағдарламалық өнімінде көрсетеді. МӘСҚ тұрақты негізде «Е – Макет» ААЖ жұмыс істеуіне мониторинг жүргізеді, мониторинг нәтижелері бойынша ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүйені одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстар жолдайды.

2022 жылдың қыркүйегінен бастап **Отбасының цифрлық картасы** арқылы еңбекке қабілеттіліктен айырылу, жұмысынан айырылу, бала күтімі жағдайына әлеуметтік төлемдер проактивті түрде тағайындалады. Жүктілікке және босануға байланысты әлеуметтік төлем тағайындауға өтінішті «Электрондық үкімет» порталы арқылы беру мүмкіндігі іске асырылды. Медициналық мекеме берген және «ЖжФЖӘТ» АЖ-де тіркелген уақытша еңбекке жарамсыздық парағы, еңбек шарттарын, еңбек қызметін, жұмыскерлер санын есепке алуды автоматтандыруға арналған және жұмыс беруші толтыратын «ЕШЕБЖ» АЖ деректерімен расталуы тиіс.

2022 жылы электрондық форматта баламалы өтініш көздері арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету үлесі – **51,4%** болды. 2021 жылмен салыстырғанда қағаз жүзінде өтініш берушілердің үлесі **8%**-ға азайды.

Өтініш беру көздері бөлінісінде мемлекеттік қызметтер көрсету



Өтініш берудің түрлері бойынша электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсету



2022 жылы МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдерді тағайындауды автоматтандыру мақсатында өтінімдерді қолмен өңдеуді алып тастау және толықтай автоматты түрде тағайындауға көшу бөлігінде «Е-макет» ААЖ модификациясы бойынша ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің бірлескен бұйрығы қабылданды.

МӘСҚ ішкі жұмысы

Қағазсыз құжат айналымына көшу шеңберінде, сондай-ақ тиімділік пен ұтқырлық деңгейін оңтайландыруды арттыру мақсатында МӘСҚ бизнес-процестерін автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізілді.

Сонымен, кадрлық іс жүргізу саласындағы құжаттар, құрылымдық бөлімшелердің өтінімдері және басқа ұйымдарға хаттар электрондық түрде іске қосылады, құжаттарға қол қою «Workspace» ақпараттық жүйесінде электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы жүзеге асырылады.

МӘСҚ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен меншікті қаражаты мен МӘСҚ активтері бойынша бөлек бухгалтерлік есеп жүргізеді және қаржылық есептілікті ұсынады.

МӘСҚ меншікті қаражаты МӘСҚ-ның жарғылық капиталынан және комиссиялық сыйақыдан тұрады.

МӘСҚ өзінің қызметін келіп түскен әлеуметтік аударымдардан, әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдан алынатын комиссиялық сыйақы және инвестициялық табыс есебінен жүзеге асырады.

МӘСҚ активтері 1 384 480,3 млн. теңгені құрайды, оның ішінде бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар – 1 314 108,1 млн. теңге, ҚР Ұлттық Банкіндегі шоттардағы ақша – 70 372,2 млн. теңге.

Пассивтер 1 384 480,3 млн.теңгені құрайды, оның ішінде провизиялар – 726 219,9 млн. теңге, резервтер – 686 279,3 млн. теңге, қаржы құралдарын қайта бағалау резервтері – (100 640,9) млн. теңге (резервтің ең аз талап етілетін мөлшері – 72 622,0 млн. теңге).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша МӘСҚ жылдық қаржылық есептілігінің аудитін 2022 жылғы 11 қарашадағы шартқа сәйкес «Центраудит-Қазақстан «ТАК»; ЖШС тәуелсіз сыртқы аудиторлары жүргізді. Аудитор МӘСҚ қаржылық есептілігінің қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ХҚЕС) сәйкестігі, активтер бойынша да, меншікті қаражат бойынша да 2022 жылғы 31 желтоқсандағы МӘСҚ қаржылық жағдайының барлық маңызды аспектілерінде анық көрініс табуы туралы сөзсіз оң пікір білдірді.

ҚЕХС-қа сәйкес дайындалған 2022 жылғы МӘСҚ-ның жылдық қаржылық есептілігі **бекітілді** және Қаржы есептілігі депозитарийі мен МӘСҚ сайтында **жарияланды**.

2022 жылы Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының және ҚЕХС талаптарына сәйкес МӘСҚ Директорлар кеңесі отырысының 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 10 хаттамасына сәйкес МӘСҚ Есеп саясаты мен Салықтық есеп саясаты жаңа редакцияда өзектілендірілді және бекітілді.

МӘСҚ Есеп саясатының негізгі міндеттері активтер, пассивтер, меншікті капитал, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер бойынша бухгалтерлік есепті анық жүргізуді қамтамасыз ететін ережелерді, нұсқаулықтарды және әдістерді әзірлеу болып табылады.

Салықтық есеп саясатында салық есебін жүргізу тәртібі, есеп құжаттамасын жасауға қойылатын талаптар, салық есептілігі және МӘСҚ үшін салықтар мен әлеуметтік төлемдердің түрлері регламенттеледі.

2022 жылы МӘСҚ қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары туралы ереже әзірленді және Бас директордың 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 264-Ө бұйрығымен бекітілді.



Инвестициялық қызмет

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдайға нарықтық құны бойынша қайта бағалауды ескерумен инвестициялық портфель 1 314,1 млрд. теңгені құрайды.

Инвестициялық басқару динамикасы



2022 жылы активтердің кірістілігі 10,7% (нарықтық құны бойынша қайта бағалауды ескерумен, 130,5 млрд. теңге) құрады.

«Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес МӘСҚ активтерін сенімгерлік басқаруды ҚР Ұлттық Банкі инвестициялық декларация негізінде жүзеге асырады.

2022 жылғы 17 тамызда МӘСҚ инвестициялық декларациясы Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің отырысында мақұлданды (25.08.2022 ж. №Д-4932//20-04/07-1163 отырыс хаттамасы).

МӘСҚ инвестициялық декларациясы мыналарды көздейді:

- МӘСҚ активтерін тізбесі мен лимиттерін Үкімет айқындайтын қаржы құралдарына орналастыру (13.04.2020 ж. №196 ҚР ҰК)

- инвестициялау валютасы - теңге


- МӘСҚ активтерінің дюрациясы міндеттемелердің дюрациясына ұмтылу

- қаржы құралындағы немесе эмитенттегі кредиттік рейтингтің ең төменгі деңгейі «ВВ-»-ден кем емес

- Қаржы министрлігі мен Ұлттық Банктің қаржы құралдарын қоспағанда, бір эмитенттің қаржы құралдарына инвестициялау лимиті МӘСҚ активтерінің 10% -дан аспайды

- МӘСҚ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету және бағдары инфляцияның нысаналы дәлізінің орташа мәнінен төмен емес деңгей болып табылатын инвестициялық кіріс алу.

Инвестициялық портфельдің құрылымы



Қаржы құралдарының түрлері

Қаржы құралдарының түрлері	Салынған қаражаттың құны	Үлесі, %
ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары	822,5 млрд. теңге	63%
Агенттік облигациялар (квазимемлекеттік сектор)	249,8 млрд. теңге	19%
Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары	183,4 млрд. теңге	14%
ҚР Ұлттық банкінің депозиттері	58,4 млрд. теңге	4%

Структура агентских облигаций (квазигоссектор):

- «Қазақстан Темір Жолы» ҰК - 60,2 млрд. теңге
- «Бәйтерек» ҰБХ - 144,2 млрд. теңге
- «Қазақстанның Даму Банкі» – 27,9 млрд. теңге
- «ТҮҚЖБ» (Отбасы банк) - 17,4 млрд. теңге.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының құрылымы:

- Халықаралық қаржы корпорациясы – 0,3 млрд. теңге
- Азия даму банкі – 4,6 млрд. теңге
- Еуропалық қайта құру және даму банкі – 178,5 млрд. теңге.

Корпоративтік басқару жүйесі және оның принциптері

МӘСҚ корпоративтік басқаруды ұйымның тиімділігін арттыру, транспаренттілік пен есеп беруді қамтамасыз ету құралы ретінде қарастырады.

Корпоративтік басқарудың тиісті халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында МӘСҚ ұйым өз қызметі процесінде ұстанатын ережелер мен ұсынымдардың жиынтығы болып табылатын корпоративтік басқару кодексі қолданылады.

2022 жылы МӘСҚ қызметінде корпоративтік қайшылықтар мен мүдделер қақтығысы жағдайлары болған жоқ.

МӘСҚ корпоративтік басқаруы әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік негізінде құрылады. Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы ұйым қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейді және табысты қызметке, оның ішінде оның құндылығының өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты сақтауға ықпал етеді.

Корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары:

- өкілеттіктердің аражігін ажырату
- Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау
- Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімді басқаруы
- орнықты даму
- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит
- корпоративтік қайшылықтар мен мүдделер қақтығысын реттеу
- Қызмет туралы ақпараттың ашықтығы мен объективтілігі

Корпоративтік басқару жүйесі:

- 1) Жалғыз акционер
- 2) Директорлар Кеңесі
- 3) атқарушы орган
- 4) мүдделі тараптар
- 5) Жарғыға сәйкес айқындалатын өзге де органдар арасындағы өзара қатынастарды көздейді.

Жалғыз акционер

МӘСҚ-ның жалғыз құрылтайшысы және қатысушысы Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан мемлекет болып табылады. «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамын құру туралы» 2004 жылғы 27 ақпандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 237 қаулысына сәйкес акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтары Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне берілді.

2022 жыл ішінде ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі кадрлық өзгерістерге байланысты МӘСҚ жалғыз акционері ретінде Директорлар кеңесінің құрамын өзгерту жөнінде шешімдер қабылдады

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесінің құрамында 5 мүше, оның ішінде қатысуы МӘСҚ қызметінің айқындығы мен ашықтығына ықпал ететін екі тәуелсіз директор бар.

Тәуелсіз директор болып жалғыз акционердің, атқарушы органның және басқа да мүдделі тараптардың ықпалынан тыс, тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі бар адам танылады.

2022 жылы Директорлар кеңесінің 10 отырысы өткізілді, онда МӘСҚ қызметінің 35 мәселесі бойынша шешімдер қабылданды.



МӘСҚ директорлар кеңесі



Сағындықова Назгүл Ерікқызы

Төрайым - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі



Иванова Анна Олеговна

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Меншіктің мемлекеттік мониторингі, сенімгерлік басқару және концессия басқармасының басшысы



Жұмагелдиева Гүлнар Амангелдіқызы

Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы Төрағасының орынбасары, тәуелсіз директор



Өмірбаев Әділхан Әбдірахманұлы

«Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» АҚ Басқарма төрағасы, тәуелсіз директор



Кемел Нұрсұлу Мырзагелдіқызы

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ Бас директоры

Директорлар кеңесі 2022 жылы келесі бағыттар бойынша бірқатар мәселелерді қарады.

1. Ұйымдық құрылым бойынша:

- жаңадан құрылған облыстарда МӘСҚ филиалдары: Абай, Ұлытау, Жетісу

- 2022 жылғы 1 шілдеден бастап жұмыс істейтін жұмыскерлердің 98% - ның жұмысының сақталуын қамтамасыз ететін МӘСҚ ұйымдық құрылымындағы өзгерістер бекітілді.

2. Инвестициялық қызмет бойынша - МӘСҚ инвестициялық стратегиясының күші жойылды деп танылды. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес МӘСҚ активтерін сенімгерлік басқаруды Экономикалық саясат жөніндегі кеңес мақұлдаған инвестициялық декларация негізінде ҚР Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары бойынша, бекітілген:

- МӘСҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты
- МӘСҚ жұмыскерлерінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулығы
- МӘСҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу саясаты
- МӘСҚ жұмыскерлерінің мінез-құлық және этика кодексі бекітілді.

4. Бухгалтерлік есеп және есептілік бойынша, бекітілген:

- МӘСҚ Есеп саясаты
- МӘСҚ Салықтық есеп саясаты.

Бұдан басқа, қаржы-шаруашылық қызмет және мемлекеттік сатып алу шеңберінде:

- МӘСҚ-ның 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігі
- МӘСҚ-ның 2021 жылғы Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есеп
- МӘСҚ-ның 2017-2021 жылдарға арналған Даму жоспарының 2021 жылғы жұмыс нәтижелерін бағалау
- 2022 жылдың бірінші және екінші жартыжылдығы бойынша МӘСҚ-ның 2022-2026 жылдарға арналған Даму жоспарын нақтылау
- МӘСҚ-ның 2022-2026 жылдарға арналған даму жоспарын нақтылау шеңберінде 2023 жылға арналған жыл сайынғы нақтылау
- ҚЕХС-ке сәйкес, 2022 жылға арналған МӘСҚ-ның меншікті қаражаты мен активтері бойынша қаржылық есептілік аудитін жүргізу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу мөлшері
- ірі мәміле жасасу (МӘСҚ орталық аппараты мен 17 филиалы арасында (internet, телефония, eMarket), сондай-ақ «ЕРДО» АҚ кеңсесімен қорғалған IP VPN байланыс арнасына қолжетімділікті ұйымдастыру жөніндегі қызметтер.

5. Корпоративтік басқару бойынша::

- МӘСҚ корпоративтік хатшысы лауазымына кандидатуралар

- МӘСҚ ішкі аудит қызметі аудиторының есептері
- МӘСҚ ішкі аудит қызметі аудиторының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату
- МӘСҚ Корпоративтік хатшысының есептері
- Директорлар кеңесінің жұмыс жоспары қаралды.

6. Ағымдағы қызмет мәселелері бойынша:

- МӘСҚ Жарғысына өзгерістер
- МӘСҚ филиалдарының ережелеріне өзгерістер бекітілді.

Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер

Қызметті тиімді орындауға жәрдемдесу мақсатында МӘСҚ Директорлар кеңесінің жанынан екі комитет құрылды:

- 1) Аудиторлық комитет
- 2) Кадрлар, сыйақылар және стратегиялық даму мәселелері жөніндегі комитет.

Комитет мүшелерін Директорлар кеңесі сайлайды. Тәуелсіз директорлар Комитет төрағалары болып сайланды:

Өмірбаев Ә.Ә. – тәуелсіз директор, Аудиторлық комитеттің төрағасы

Жұмагелдиева Г.А. - тәуелсіз директор, Кадрлар, сыйақылар және стратегиялық даму мәселелері жөніндегі комитеттің төрағасы.

Аудиторлық комитет

2022 жылы Аудиторлық комитет бірқатар мәселелерді қарады:

Ішкі аудит бойынша:

- ішкі аудит қызметінің аудиторлық анықтаулар және орындалу мониторингінің нәтижелері туралы ақпараты бар есептер
- Ішкі аудит қызметі жұмыскерлеріне және Корпоративтік хатшыға сыйақы мөлшері
- Аудитордың 2021 жылғы жылдық есебі
- МӘСҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты
- МӘСҚ жұмыскерлерінің мінез-құлық және этика кодексі
- МӘСҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу саясаты
- МӘСҚ жұмыскерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық.

Корпоративтік бақылау

Сыртқы аудит бойынша - 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілік; 2022 жылғы МӘСҚ-ның меншікті қаражаты мен активтері бойынша қаржылық есептілікке аудит жүргізу жөніндегі қызметтер.

Ішкі бақылау бойынша - МӘСҚ есеп саясаты және МӘСҚ Салықтық есеп саясаты.

Кадрлар, сыйақылар және стратегиялық даму жөніндегі комитет.

2022 жылы Комитет келесі мәселелерді:

- 2023 жылға нақтылау аясында МӘСҚ-ның 2022-2026 жылдарға арналған Даму жоспарының жобасы

- 2022-2026 жылдарға арналған Даму жоспарын жартыжылдық нақтылау жобасы (2022 жылдың екінші жартыжылдығы)

- МӘСҚ Корпоративтік хатшысының кандидатурасы О.В. Шегай қарады.

Корпоративтік хатшы

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 28 қыркүйектегі № 7 шешімімен МӘСҚ корпоративтік хатшысы лауазымына О.В. Шегай тағайындалды.

Корпоративтік хатшы МӘСҚ Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер енгізу бойынша жоба әзірледі.

Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсында 9 корпоративтік оқиға орналастырылды.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ай сайынғы және тоқсан сайынғы есептілік ұсынылды.

Белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің, Аудиторлық комитеттің, Кадрлар, сыйақылар және стратегиялық даму мәселелері жөніндегі комитеттің отырыстарына материалдар дайындалды.

Директорлар кеңесі отырыстарының 2023 жылға арналған жоспары дайындалды.

Ішкі аудит қызметі

МӘСҚ-ның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру, ішкі аудит және бақылау, тәуекелдерді басқару, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау саласындағы бағалау үшін МӘСҚ-да ішкі аудит қызметі жұмыс істейді. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның жұмысы туралы есеп береді.

Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, оның қызметкерлерінің өкілеттік мерзімін

айқындайды және оның басшысын тағайындайды, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады, оның жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен сыйақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындайды.

Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 9 шешімімен Ішкі аудит қызметінің аудиторы Г.С. Жандилдинаның өкілеттік мерзімі 2019 жылғы 30 желтоқсаннан бастап бастап 2022 жылғы 30 желтоқсанды қоса алғанда тағайындалды.

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 13 қазандағы № 8 шешімімен аудитор Г.С. Жандилдинаның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды. Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 1 шешімімен аудитор болып Д.М. Касимова тағайындалды.

2022 жылғы жұмыс нәтижелері

2022 жылы ішкі аудит қызметінің жұмысы Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 9 шешімімен бекітілген 2022 жылға арналған Ішкі аудит қызметінің аудиторлық жоспары (жұмысы, тексерулері) негізінде жүзеге асырылды.

2022 жылдың 1-тоқсанында Ішкі аудит қызметі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерін реттейтін міндетті ішкі нормативтік құжаттарды: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты, Қызметкерлердің мінез-құлқы мен әдеп кодексін, Лауазымды адамдар мен қызметкерлердің мүдделер қақтығысын реттеу саясатын әзірлеуге қатысты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпаратты орналастыру мақсатында МӘСҚ корпоративтік сайтында «Комплаенс» бөлімі құрылды.

2022 жылдың екінші тоқсанында ішкі аудит қызметі:

- персоналды басқару

- қаржы-шаруашылық қызметті жоспарлау

- мемлекеттік сатып алуды өткізу процестерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарының сақталуына ішкі талдау жүргізді.

Талдау нәтижелері бойынша 10 ұсыныс берілді және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді. 2022 жылдың 3 тоқсанында Электронды тағайындауларға мониторинг департаментінің бизнес-процесіне аудит жүргізілді. Аудит нәтижелері бойынша бизнес-процеске ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің жоғары рейтингі берілді.

Комплаенс-бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйесі – ұйымдардағы сыбайлас жемқорлықты болдырмау және мен алдын алудың тиімді құралдарының бірі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің нәтижесінде қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасауына байланысты тәуекелдер, сондай-ақ компанияға зиян келтіру тәуекелдері (тек материалдық емес, сонымен қатар беделді) азаяды. Осы мақсатта МӘСҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 7 шешімімен Ішкі аудит қызметіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функциялары жүктелді.

Комплаенс-қызметтің негізгі функциялары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мүдделер қақтығысының алдын алу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау, Әдеп кодексінің, сыбайлас жемқорлық және басқа да құқыққа қайшы талаптарын бұзу фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау болып табылады.

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 маусымдағы № 6 шешімімен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерін реттейтін міндетті ішкі нормативтік құжаттар бекітілді:

- МӘСҚ-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің міндеттерін, қағидаттары мен бағыттарын айқындайтын МӘСҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты

- МӘСҚ қызметкерлерінің корпоративтік құндылықтарын айқындайтын мінез-құлық және этика кодексі, олардың орындалуы МӘСҚ мен оның қызметкерлерінің іскерлік мінез-құлықты айқындайтын және МӘСҚ беделі мен оның тиімділігін қалыптастыратын базалық этикалық құндылықтарға бейілділігін көрсетеді;

- МӘСҚ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу саясаты, оның мақсаты МӘСҚ-да нақты және ықтимал мүдделер қақтығысын басқарудың бірыңғай жүйесін құру, сондай-ақ қызметкерлердің жеке мүдделері мен байланыстарының әсерінен МӘСҚ-да шешім қабылдау тәуекелдерін жоюға мүмкіндік беретін қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың мінез-құлқына қойылатын талаптарды айқындау болып табылады.

2022 жылдың 2 - тоқсанында персоналды басқару, қаржы-шаруашылық қызметті жоспарлау, мемлекеттік сатып алуды жүргізу процестерінде МӘСҚ қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарының сақталуына ішкі талдау жүргізілді. Талдау шеңберінде адам ресурстарын басқару және мемлекеттік сатып алу саласындағы бизнес-процестерді жетілдіру бойынша 10 ұсыныс енгізілді, оның 7-і орындалды, 3-і тұрақты түрде орындалуда.

2022 жылғы шілдеде МӘСҚ орталық аппаратының қызметкерлеріне, оның ішінде филиалдарында МӘСҚ ішкі құжаттарымен танысу бойынша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган өкілдерінің қатысуымен Қазақстан Республикасының 2021-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл даму стратегиясының негізгі ережелері бойынша тақырыптық оқу өткізілді.

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 28 қыркүйектегі № 7 шешімімен МӘСҚ қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлық қаупіне ұштасқан жағдайлар туындаған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды регламенттейтін нұсқаулық бекітілді.

2022 жыл ішінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өкілдерін тарта отырып МӘСҚ филиалдарында барлық облыс орталықтарында және Республикалық маңызы бар қалаларда тікелей тақырыптық оқулар өткізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша барлық ақпарат МӘСҚ интернет-ресурсында «Комплаенс» бөлімінде орналастырылады.

Комплаенс-бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Ұсыныстарды орындау аясында МӘСҚ-ның Даму жоспарын және оның орындалуы жөніндегі есепті әзірлеу регламенті бекітілді, сондай-ақ мыналарға өзгерістер енгізілді:


- МӘСҚ құрылымдық бөлімшелерінің, филиалдарының кадр мәселелері бойынша өзара іс-қимыл, сондай-ақ бос лауазымдарға персоналды іріктеу тәртібін айқындау, сынақ мерзімін мерзімінен бұрын тоқтату рәсімі бойынша кадрлық іс жүргізу регламенті

- мемлекеттік сатып алу жоспарын жасау тәртібін айқындау және МӘСҚ құрылымдық бөлімшелерінің техникалық ерекшеліктерін ұсыну бөлігінде МӘСҚ Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру регламенті

- МӘСҚ қызметкерлерінің жұмысын бағалау үшін нақты өлшемшарттарды (KPI) белгілеу жолымен МӘСҚ-ның әкімшілік және штаттан тыс қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйақы беру қағидалары.

2022 жылы МӘСҚ-да сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жоқ.

Заңнама нормаларының ықтимал бұзушылықтары туралы ақпаратты жедел алу мақсатында МӘСҚ-да кері байланыс арналары (жедел желі, электрондық және пошталық байланыс арналары) жолға қойылған және жұмыс істейді, оларға жеке және заңды тұлғалар жүгініп, ұйымдағы сыбайлас жемқорлықтың ықтимал немесе орын алған фактілері туралы хабарлай алады.



Сенім телефоны:

8 (7172) 983 - 919

Электрондық пошта адресі:

info@gfss.kz


Пошта мекенжайы: 010000,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.,

Кабанбай батыр даңғылы, 17

(15-қабат).

МӘСҚ кадр құрамы



Орталық деңгейде қамтамасыз етіледі:

- материалдық-техникалық қамтамасыз ету
- мемлекеттік қызметтердің уақтылы көрсетілуін бақылау және мониторингілеу
- бухгалтерлік есеп
- шығындарды жоспарлау және мемлекеттік сатып алуды жүргізу
- ақпараттық-техникалық сүйемелдеу
- әлеуметтік аударымдарды қайтару және әлеуметтік аударымдарды төлеушілермен жұмысты үйлестіру
- АТЖ өткізуді үйлестіру
- статистика мен есептілікті жүргізу
- құқықтық қамтамасыз ету
- халықаралық ұйымдармен жұмыс
- стратегиялық жоспарлау және қызметті талдау
- актуарлық есептер және инвестициялық талдау
- құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу

БАРЛЫҒЫ: 152 адам	МӘСҚ филиалдары			2022ж. 1 маусымнан бастап
<i>Ақмола (6)</i> Директор – 1 Заңгер – 1 Бас маман – 2 Маман – 2	<i>Қостанай (6)</i> Директор – 1 Заңгер – 1 Бас маман – 2 Маман – 2	<i>ШҚО (6)</i> Директор – 1 Заңгер – 1 Бас маман – 2 Маман – 2	<i>Ұлытау (4)</i> Директор – 1 Заңгер – 1 Бас маман – 1 Маман – 1	
<i>Ақтөбе (7)</i> Директор – 1 Заңгер – 1 Бас маман – 2 Маман – 3	<i>Қызылорда (8)</i> Директор – 1 Заңгер – 1 Бас маман – 2 Маман – 4	<i>Қарағанды (8)</i> Директор – 1 Заңгер – 1 Бас маман – 3 Маман – 3	<i>Абай (6)</i> Директор – 1 Заңгер – 1 Бас маман – 1 Маман – 3	
<i>Атырау (8)</i> Директор – 1 Заңгер – 1 Бас маман – 2 Маман – 4	<i>Маңғыстау (8)</i> Директор – 1 Заңгер – 1 Бас маман – 3 Маман – 3	<i>Алматы (9)</i> Директор – 1 Заңгер – 1 Бас маман – 3 Маман – 4	<i>Жетісу (5)</i> Директор – 1 Заңгер – 1 Бас маман – 2 Маман – 1	
<i>Жамбыл (8)</i> Директор – 1 Заңгер – 1 Бас маман – 3 Маман – 3	<i>Павлодар (6)</i> Директор – 1 Заңгер – 1 Бас маман – 2; Маман – 2	<i>Астана қ. (11)</i> Директор- 1; дир. орын – 1 Заңгер – 1; Бас маман – 3; Маман – 5	<i>Шымкент қ. (9)</i> Директор- 1; дир. орын. – 1 Заңгер – 1 Бас маман – 3 Маман – 3	
<i>БҚО (6)</i> Директор – 1 Заңгер – 1 Бас маман – 1 Маман – 3	<i>СҚО (5)</i> Директор – 1 Заңгер – 1 Бас маман – 1 Маман – 2	<i>Алматы қ. (13)</i> Директор- 1; дир. орын – 1 Заңгер – 1 Бас маман – 5 Маман – 5	<i>Түркістан қ. (13)</i> Директор- 1; дир. орын. – 1 Заңгер – 1 Бас маман – 5 Маман – 5	

Өңірлік деңгейде:

- істердің электрондық макеттерін қарау және әлеуметтік төлемдерді тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімдер қабылдау
- талап-арыз жұмысы
- әлеуметтік аударымдарды төлеушілермен жұмыс
- халықпен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары
- жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, азаматтарды қабылдау
- жүйе қатысушыларына әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат беру қамтамасыз етіледі

Адами капиталды дамыту

МӘСҚ міндеттерін тиімді іске асыру көбінесе қызметкерлердің кәсібилігі мен еңбек деңгейіне байланысты. Осы мақсатта қызметкерлерді оқыту тұрақты негізде жүргізіледі. 2022 жылы **тақырыптық оқу** бойынша 26 іс-шара өткізілді, 14 **біліктілікті арттыру курсы**нда 102 маманды оқыту қамтамасыз етілді.

Жаңадан қабылданған қызметкерлер үшін кіріспе нұсқаулық, оның ішінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»

Заңмен, корпоративтік басқару кодексімен, қызметкерлердің мінез-құлқы мен Әдеп кодексімен, МӘСҚ

лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатпен, еңбек қауіпсіздігі

және еңбекті қорғау, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі құжаттармен танысу көзделген.

МӘСҚ **мәдени іс-шаралар** жоспары шеңберінде 2022 жылы:

- Халықаралық балаларды қорғау күніне орай - Астана қаласының өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығында аниматорларды шақыра отырып, сыйлықтар беріп, кездесу өткізілді;

- Білім күніне орай – «Баланы мектепке жинайық» акциясы аясында «Аманат» партиясына көп балалы отбасыларға материалдық көмек көрсету, мектепке керек-жарактар сатып алу үшін қаражат берілді;

- Халықаралық қарттар күнінде «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының шәкірттері үшін опера және балет театрында балет қойылымын бірлесіп көру ұйымдастырылды;

- игі істер марафоны өткізілді, оның шеңберінде МӘСҚ қызметкерлері еңбек ардагерлеріне, еңбек майданына қатысушыларға, жалғызбасты зейнеткерлерге, мүмкіндігі шектеулі адамдарға, аз қамтылған отбасыларға, өмірлік қиын жағдайға тап болған балалары бар әйелдерге көмек көрсетті, донорлық көмек көрсету функциясын жүзеге асыру үшін қан орталықтарына барды;

- Жаңа жыл қарсаңында «Бақытты шаңырақ» қоры қамқорлығындағы балаларға жаңа жылдық сыйлықтар, тәттілер сатып алу ұйымдастырылды



Сондай-ақ, жыл бойы МӘСҚ ұжымы үшін түрлі мәдени-ағарту іс-шаралары, оның ішінде:

- «Алжир» саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының мұражай-мемориалдық кешеніне бару;

- Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған «Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығы» атты дөңгелек үстелге қатысу;

- Халықаралық шахмат күнінде шахмат және дойбыдан турнирге қатысу;

- Әлеуметтік қызметкерлер күні қарсаңында волейболдан, футболдан турнирге қатысу ұйымдастырылды.

МӘСҚ міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін одан әрі дамыту бойынша табысты, тиімді жұмыс істеу үшін адам капиталын дамытуға, МӘСҚ мамандарының кәсіби деңгейін қамтамасыз етуге және әлеуметтік қорғауға ерекше назар аударады.

Мемлекеттік сатып алу тәжірибесі

Мемлекеттік сатып алу жоспары 257 тармақты қамтиды, оның ішінде:

- 108 тауарларды сатып алу бойынша
- 29 жұмыстарды орындау бойынша
- 120 қызметтерді орындау бойынша.

2022 жылғы Мемлекеттік сатып алу жоспарының орындалуы 98,4% құрады, оның ішінде:


- 245 тармақ орындалды, оның ішінде 2 тармақ ірі мәмілелер деп танылды (филиалдар үшін IP VPN байланыс арналарын ұйымдастыру және орталық аппарат үшін үй-жайларды жалға алу). Ірі мәмілелер жасасу туралы шешімді «МӘСК» Директорлар кеңесі қабылдады

- 2 тармақ-ішінара орындалды. Орталық аппараттың басқа ғимаратқа көшуіне және жеткізушінің қайтыс болуына байланысты Шымкент қаласы үшін үй-жайды жалға алуға байланысты өрт сөндіру жүйесіне сервистік қызмет көрсету қызметі бойынша шарттар бұзылды

- 1 шарт өнім берушінің Шартты орындауын қамтамасыз ету бойынша соманы енгізбеуі негізінде шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты біржақты тәртіппен бұзылды (түптеу үшін степлерді сатып алу)

- 4 сатып алу болған жоқ (Солтүстік Қазақстан және Маңғыстау облыстық филиалдары үшін металл стеллаждарды, жарықдиодты жарықтандырғышты және фотоаппараттарға арналған штативті - штатив жеткізуге жеткізушілердің болмауы. Олар бойынша Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы 4 және одан да көп хабарландыру берілді).

Сатып алынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің көлемі, млн. теңге




Жүзеге асырылған мемлекеттік сатып алудың жалпы көлемі – 583 млн.теңге, оның негізгі үлесі (75%) қызметтерді сатып алуға бағытталған.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдері



Мемлекеттік сатып алудың негізгі үлесі баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүзеге асырылды – 75%.

Қаржылық тұрақтылықты бақылау



МӘСҚ қаржылық орнықтылығын бағалау мақсатында ықтимал тәуекелдерді басқару бойынша жұмыс жүргізілуде.

2022 жылы МӘСҚ қызметіне әсер ететін тәуекелдерді анықтау және олармен жұмыс істеу үшін актуарлық қызмет бойынша Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығының басшылығына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесінің пилоттық жобасы әзірленді.

Пилоттық жоба мыналарды қамтиды:

1. МӘСҚ тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты
2. МӘСҚ тәуекелдер тізілімі
3. МӘСҚ тәуекелдерін анықтау және бағалау ережелері

Тұтастай алғанда, МӘСҚ тәуекелдерін және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне әсер ететін тәуекелдерді қамтитын тәуекелдердің 21 түрі анықталды. МӘСҚ тәуекелдері МӘСҚ операциялық және өзге де қызметінің нәтижесінде туындайтын жағымсыз оқиғалардың салдарын көрсетеді, ал міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне әсер ететін тәуекелдер МӘСҚ-ға әсер ететін және МӘСҚ тікелей әсер ете алмайтын сыртқы оқиғаларды көрсетеді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша тәуекелдердің көптеген түрлері бойынша ауырлық деңгейі рұқсат етілген шектерде байқалады. Тұрақты негізде ықтимал оқиғаларды зерделей отырып, тәуекелдерге жүйелі мониторинг және бағалау жүргізіледі.

Актуарлық қызметке ұзақ мерзімді негізде МӘСҚ қызметінің қаржылық орнықтылығына талдау жүргізу және тұрақты бағалау, МӘСҚ-ның әлеуметтік төлемдерді алушылар алдындағы міндеттемелеріне тұрақты бағалау жүргізу, сондай-ақ міндетті әлеуметтік сақтандыру параметрлерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу және бағалау кіреді.

Актуарлық есептеулер өткен жылдардағы статистикалық деректерге және демографиялық үрдістер мен халық санын, макроэкономикалық параметрлерді, сондай-ақ әлеуметтік сақтандыру жүйесінің әлеуметтік төлемдерді тағайындаулары мен алушыларының тарихи деректерін ескеретін болашақ жылдар деректерінің болжамдарына негізделген.

Пессимистік, шынайы және оптимистік нұсқалардағы болжамы бар актуарлық есепті МӘСҚ жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне дейін ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ұсынады.

Айта кетейік, «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес МӘСҚ-ның қаржылық орнықтылығын талдауды, бағалауды және бақылауды орталық атқарушы орган жүзеге асырады.

Активтерді сақтау және қаржылық орнықтылықты қамтамасыз ету мақсатында МӘСҚ провизияларды қалыптастырады, сондай-ақ мыналарды белгілейді:

- МӘСҚ қызметінің нәтижесінде мүмкін болатын тәуекелдерді жабу үшін қалыптастырылатын, есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарына есептелетін МӘСҚ резервінің ең төменгі мөлшерін
- МӘСҚ банктік шотындағы ай сайынғы инвестицияланбайтын ақша қалдығының ең төменгі мөлшері.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары



2022 жылы МӘСҚ еңбек ұжымдарында жұмыс берушілердің өкілдерімен және тұрғындардың қатысуымен 2 427 ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын өткізді.

2022 жылы МӘСҚ және оның филиалдары жеке және заңды тұлғалардың түрлі байланыс құралдары арқылы өтініштеріне жауаптар ұсынды (МӘСҚ интернет – ресурсы - 693, «Е – Өтініш» АЖ - 753, ЭҚЖ - 56, телефон - 35 623, «Ашық диалог» платформасы - 4, Instagram желісіндегі ресми парақшада - 82).

МӘСҚ өкілдері 94 брифингтің, дөңгелек үстел, онлайн - конференциялар мен комиссия отырыстарының жұмысына қатысты, ТВ, радио және әлеуметтік желілерде 79 рет сөз сөйледі, баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында 301 жарияланым орналастырды, ұйымдастырылған 37 ашық есік күніне қатысты.



- «ЕХӘҚМ мобильді тобының» халықпен 24 бірлескен кездесуі
- 94 семинар мен брифинг, 37 Ашық есік күні
- 6 508 консультация / азаматтарды қабылдау



- Әйелдер консультацияларында 55 кездесу
- еңбек ұжымдарында 2 363 іс-шара, ХҚКО, ХЖҚО
- 2 074 жұмыс берушілерге ақпараттық парақтар жолданды
- 56 - порталдармен өзара іс-қимыл
- 35 623 телефон арқылы консультация



- Қызмет бағыттары бойынша кейстерді дайындау
- Жиі қойылатын сұрақтар бойынша Reels түсірілімі
- Сайтты және SMM жұмысын белсендіру

МӘСҚ www.gfss.kz интернет-ресурсында:

- «Жаңалықтар» бөлімінде өзекті ақпараттық материалдар орналастырылады
- ай сайын «Міндетті әлеуметтік сақтандыру/ Инфографика 2022» бөлімінде инфографика жаңартылады
- «Қор туралы», «Байланыс деректері/«МӘСҚ» АҚ филиалдары бөлімдерінде деректер өзектілендіріледі
- басты бетте міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі бойынша негізгі көрсеткіштер ай сайын жаңартылып отырады
- «Әлеуметтік сақтандыру көрсеткіштерінің картасы» қосымшасында Жүйеге қатысушылар саны және әлеуметтік аударымдардың сомалары, сондай-ақ алушылар саны мен төлемдер сомалары жөнінде аудандар бойынша өңірлер бөлінісінде мәліметтер ай сайын жаңартылып отырады
- «Көрсеткіштер/Қызмет көрсеткіштері» бөлімінде әлеуметтік аударымдар мен өсімпұлдар сомасы, алушылардың саны мен төлемдер сомасы, әрбір ай үшін және тоқсан/жартыжылдық қорытындылары бойынша тағайындалған төлемдердің орташа мөлшері туралы мәліметтер орналастырылған.

Халықаралық ынтымақтастық



2012 жылдан бастап МӘСҚ халықты әлеуметтік қорғау саласында бірыңғай саясатты жүзеге асыруды мақсат етіп қойған халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығының (ХӘҚҚ) толыққанды мүшесі болып табылады.

2022 жылғы мамырда Еуропа үшін ХӘҚҚ-ның өңірлік әлеуметтік қамсыздандыру форумы шеңберінде Еуропа елдерінің әлеуметтік институттары басшыларының қатысуымен «Еуропадағы әлеуметтік қамсыздандырудың негізгі басымдықтары: прогресс, проблемалар мен шешімдер» панельдік сессиясы өтті. Сессияда Еуропа мен Қазақстандағы әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы өзекті оқиғалар талқыланды, пандемияның әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне әсерін бағалау және оны одан әрі дамыту стратегиясын айқындау бойынша пікірталас өтті.

Өңірлік форум жұмысына МӘСҚ Бас директоры Н.М. Кемел онлайн режимде баяндамамен қатысты. Шетелдік әріптестер үшін Қазақстанда қабылданатын инновациялық шешімдер, атап айтқанда әлеуметтік саладағы электрондық қызметтерді дамыту мәселелері ерекше қызығушылық тудырды.

2022 жылғы 24-28 қазанда МӘСҚ өкілдері Марокко Корольдігінің Марракеш қаласында өткен дүниежүзілік әлеуметтік қамсыздандыру форумының жұмысына қатысты. Форум аясында ХӘҚҚ Кеңесінің 34-ші Бас Ассамблеясы мен 39-шы сессиясы өтті.

Осы аса маңызды халықаралық іс-шарада әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы реформалар стратегияларын қарау үшін әлемнің 161 елінің 321 ұйымынан 1 300 делегат жиналды. МӘСҚ өкілдері тәжірибе алмасу үшін ұйымдастыру, басқару және инновациялар, отбасылық жәрдемақылар және қарттықты, мүгедектікті және асыраушысынан айырылуды сақтандыру жөніндегі техникалық комиссиялардың құрамына кіреді.

2009 жылдан бастап МӘСҚ Халықаралық зейнетақы және әлеуметтік қорлар қауымдастығының (ХЗӘҚҚ) толыққанды мүшесі болып табылады.

ХЗӘҚҚ қызметінің негізгі мақсаттарының бірі қауымдастық мүшелерінің арасында әлеуметтік қамсыздандыруды қорғауға, көтермелеуге және дамытуға, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған халықаралық жоспардағы ынтымақтастықты ұйымдастыру болып табылады.

ХЗӘҚҚ зейнетақы және әлеуметтік қорлармен бірлесіп 1996 жылдан бастап жыл сайын әлеуметтік қамсыздандырудың өзекті мәселелері бойынша халықаралық конференциялар өткізеді.

2022 жылғы 23-25 ақпан аралығында МӘСҚ Басқарушы директоры М.А. Жаныбеков Әзірбайжан Республикасы Баку қ. «ТМД-дағы әлеуметтік реформалар: трендтер, әлеуеттер және шешімдер» Халықаралық конференциясына қатысты.

МӘСҚ басқарушы директоры өз сөзінде әлеуметтік төлемдерді тағайындау бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуді цифрландыру мен проактивті сипатын одан әрі тереңдетуді, Жұмыспен қамтудың жаңа форматтарына тартылған адамдардың әлеуметтік сақтандыруға қатысу сипатын оңтайландыруды, сондай-ақ төлеушілер мен алушылардың мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету үшін әділ және теңгерімді тарифтік саясатты қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

2022 жылғы 18 тамызда Алматы қаласында ХЗӘҚҚ қызметінің 30 жылдығына арналған халықаралық конференция өтті. ТМД-ның 8 мемлекетінің атынан қатысқан конференцияға қатысушылар зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру жүйелерін дамытудағы жоспарлары мен тәжірибелерімен алмасты.

МӘСҚ-ның халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы Қазақстандағы міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін одан әрі нығайту және жетілдіру үшін әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы озық тәжірибелерді пайдалануда қосымша мүмкіндіктер береді.



2022 жылы МӘСҚ азаматтық істер бойынша 188 талап арыз берді (оның ішінде 6 талап кері қайтарылды, 4 талап қараусыз қалдырылды), олар бойынша шешімдер қабылданды:

МӘСҚ пайдасына – 83 талап бойынша (73 – әлеуметтік төлемдердің артық алынған сомасын өндіріп алу туралы, 5 – мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша, 5 - өзге себептер бойынша)

МӘСҚ пайдасына емес – 2 талап бойынша (1-әлеуметтік төлемдердің артық алынған сомасын өндіріп алу туралы, 1-мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша)

Медиативтік келісімдер жасалды (тоқтатылды) – 93 талап арыз бойынша.

Қаралып отырған кезеңде МӘСҚ-ға 2 азаматтық іс бойынша талап қойылды, олардың біреуі бойынша іс жүргізу Өндіріп алушының қайтыс болуына байланысты тоқтатылды, екіншісі бойынша медиативтік келісім жасалды.

Сондай-ақ, МӘСҚ-ға қатысты 17 әкімшілік талап арыз берілді (7 талап арыз қайтарылды), олар бойынша шешімдер қабылданды:

МӘСҚ пайдасына – 2 (асыраушысынан айырылу және бір жылға дейін бала күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайларына әлеуметтік төлемдер бойынша)

талап қою талаптарын ішінара қанағаттандыру туралы – 1 (жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айырылған жағдайда әлеуметтік төлем бойынша)

МӘСҚ пайдасына емес – 7 (бала күтімі бойынша – 3, еңбекке қабілеттілігінен айырылу бойынша – 2, жүктілікке және босануы бойынша – 2), оның ішінде 2 – апелляциялық тәртіппен шағым (бала күтімі және жүктілікке және босануы бойынша).

Әлеуметтік төлем түрлері	Шағымдар саны	Талап сомасы, теңге	Өтеу сомасы, теңге
Еңбекке қабілеттілігінен айырылу бойынша	4	163 466	0
Асыраушысынан айырылу бойынша	8	217 866	119 869
Жұмысынан айырылу бойынша	124	12 812 750	5 545 768
Жүктілігі және босануы бойынша табысынан айырылуына байланысты	6	10 132 379	50 000
Бала күтіміне байланысты табысынан айырылу бойынша	23	2 859 117	1 139 141
Төтенше жағдай кезеңіне төлем	2	97 500	144 500
Медицина қызметкерлеріне төлем	1	2 000 000	0
Мемлекеттік сатып алу	6	25 630	25 630
Барлығы	174	28 308 708	7 024 908

2022 жылы талап-арыз жұмысының нәтижелері бойынша (оның ішінде сотқа дейінгі тәртіппен) МӘСҚ-ның 28 млн.теңгеге 174 талап-арыз бойынша талаптары қанағаттандырылды, оның ішінде - 7 млн. теңге өндірілді.

Сонымен қатар, 91 млн. теңге өндірілді, оның ішінде:

1) сот шешімдері бойынша - 22 млн. теңге

2) ерікті түрде - 66 млн.теңге

3) сот үкімі бойынша алаяқтық әрекеттер фактісі бойынша өндірілді:

- жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айырылған жағдайда төлем алған кезде - 3 млн. теңге

- бала күтіміне байланысты кірісінен айырылған жағдайда төлем алған кезде - 342,4 мың теңге.

